

Аудан халқын қоғамдық және әлеуметтік жұмыстармен қамтуды ұйымдастыру шаралары туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы N 309 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Арал аудандық Әділет басқармасында 2010 жылы 05 ақпанда N 10-3-150 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 желтоқсандағы N 151 Қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2010.12.27 N 151 Қаулысымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7, 18-1, 20 бабтарын басшылыққа ала отырып, аудан халқын қоғамдық және әлеуметтік жұмыстармен қамтуды ұйымдастыру мақсатында Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру түрлері, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын мекемелердің тізімі мен ақылы қоғамдық жұмыстардың көлемі және халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру N 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне (К.Аяпов) қала, кент, ауылдық округ әкімдеріне халықты жұмыспен қамтудың тиімді саясатын қамтамасыз ету, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және әлеуметтік жұмыс орындарын құру тапсырылсын.

3. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне (Қ.Аяпов) қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын мекемелердің сұраныстарына атқарылатын жұмыстың атауы, ауқымы және қажеттілігі көрсетіле отырып, оларды қосымша науқандық, қоғамдық сипаттағы жұмыстарға ғана жіберіп
о т ы р у т а п с ы р ы л с ы н .

4. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне (Қ.Аяпов) осы қаулының орындалу барысы туралы тоқсан сайын келесі айдың 5-нен кешіктірмей аудан әкімі аппаратына ақпарат беретін болсын.

5. Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы "Аудан халқын ақылы қоғамдық және әлеуметтік жұмыстармен қамтуды ұйымдастыру шаралары туралы" N 2 қаулысының (мемлекеттік тіркеу 20.02.2009ж. N 10-3-129 жарияланған күні "Толқын" газеті 04.03.2009-05.03.2009ж. N 17, 18 саны) күші
ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары
Е. Раймбетовке жүктелсін.

7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа
енгізіледі.

Аудан әкімі	Н.Мұсабаев		
Аудан			әкімдігінің
2009	жылғы	31	желтоқсандағы
N	309	қаулысымен	бекітілген
N 1-қосымша			

Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру түрлері

Қоғамдық жұмыстар мынадай негізгі түрлері бойынша ұйымдастырылады:

1) коммуналдық тұрғын үй шаруашылық мекемелеріне, қала, елді мекендер
айналасын тазартуға көмектесу;

2) жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылатын әлеуметтік мәдени
объектілерді салу, жөндеу, тұрғын үй қорын қайта жаңғыртуға және аудан
орталығындағы көп қабатты тұрғын үй пәтерлердің күрделі жөндеу
жұмыстарына қатысу;

3) жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылатын айналаны
көркейту-көгалдандыру, демалыс және туризм аймақтарын сақтау мен дамытуға
қатысу;

4) республикалық және аймақтық қоғамдық науқандарын (қоғамдық пікірлер
жинау) өткізуге қатысу;

5) қарулы күштер қатарына шақыруды ұйымдастыруға көмектесу;

6) балалар жәрдемақысын алуға, атаулы әлеуметтік көмек алуға және тұрғын
үй жәрдемақысын алуға ұсыныс берген адамның (отбасының) материалдық
жағдайына зерттеу жүргізу үшін учаскелік комиссиялардың жұмысына көмек
көрсету;

7) қалада, елді мекендерде құқықтық тәртіптің сақталуына көмектесу (сарбаз)
;

8) қайта есептеу кезінде зейнетақы мен жәрдемақы төлеу жөніндегі
ұйымдарға көмектесу және халықтың мақсатты топтарына (оралмандар,
рақымшылықпен босатылғандар) құжаттар рәсімдеу кезінде әлеуметтік қызмет
көрсету;

9) мұрағат мекемелерінде, кітапханаларда кітаптарды, құжаттарды түптеуге,
қайта қалпына келтіруге жәрдемдесу;

10) жергілікті бюджет есебінен жасалатын әлеуметтік қызметтер көрсетуге
көмектесу;

- 11) жалғыз басты қарт кісілерге дәрігерлердің тапсырмасымен көмек көрсетуге және аулаларын тазартуға жәрдемдесу;
 12) мемлекеттік мекемелердің қажеттілігіне сәйкес құжаттарды мекеме аралық тасымалдау (курьер);
 13) ауылдық жерлерде пошта, газет-журналдарды алушыларға таратып беруге көмектесу;

А у д а н ә к і м д і г і н і ң
 2 0 0 9 ж ы л ғ ы 1 5 қ а н т а р д а ғ ы
 N 2 қ а у л ы с ы м е н б е к і т і л г е н
 N 2-қосымша

Ақылды қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын мекемелердің тізімі мен ақылды қоғамдық жұмыстардың көлемі

P/c	Қоғамдық жұмыстар ұйымдастыратын мекемелер	Жұмыс ұзақтығы
1	"Арал ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Бір айдан алты айға дейін
2	"Арал қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Бір айдан алты айға дейін
3	"Арал аудандық маслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі	Бір айдан алты айға дейін
4	Аудан көлеміндегі кенттер және ауылдық округтер әкімі аппараттары	Бір айдан алты айға дейін
5	"Арал аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Бір айдан алты айға дейін
6	"Арал аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Бір айдан алты айға дейін
7	"Арал аудандық сәулет және қала құрлысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Бір айдан алты айға дейін
8	"Арал аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Бір айдан алты айға дейін
9	"Арал аудандық құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Бір айдан алты айға дейін
10	Арал қалалық шаруашылық жүргізу құқығындағы көпсалалы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Бір айдан алты айға дейін
11	"Арал аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Бір айдан алты айға дейін
12	"Арал аудандық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Бір айдан алты айға дейін
13	"Арал аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Бір айдан алты айға дейін
14	Аудандық мұрағат	Бір айдан алты айға дейін
15	"Қызылорда облысы Арал ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Бір айдан алты айға дейін
16	"Қызылорда облысының ішкі істер департаменті Арал аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Бір айдан алты айға дейін
17	"Зейнетақы төлеу жөніндегі орталық" Арал аудандық бөлімшесі	Бір айдан алты айға дейін
18	"ҚР Қаржы министрлігінің салық комитеті Қызылорда облысы бойынша салық департаменті Арал ауданы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі	Бір айдан алты айға дейін

